

**«Кәсіпқор» холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

**Оқыту тренингтік орталығы**

**БЕКІТЕМІН**

«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ

Басқарма Төрағасының м.а.

*Жиендиң* Н.Аршабеков

«18 » желтоң 2016ж.

**«Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жаңа формациядағы педагогі» тақырыбы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарының оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған біліктілік арттыру курсының ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫ МЕН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**КЕЛІСІЛДІ**

«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ

Басқарма Төрағасының

орынбасары

*А.Бимендина* А. Бимендина

«18 » желтоң 2016ж.

**Әзірлеген:**

«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ

Оқыту тренингтік орталығы

«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ

Академиялық басқару

департаменті

Астана  
2016 жыл

## **Мазмұны**

Түсіндірме жазба	3
Біліктілік арттыру курсының жұмыс оқу жоспары	5
Біліктілік арттыру курсының тақырыптық жоспары және бағдарламасы	6
<i>1 қосымша</i> Бес балдық жүйе бойынша бағалау шкаласы	16
<i>2 қосымша</i> Бағдарламада қолданылатын терминдер, түсініктер және қысқартулар	17
<i>3 қосымша</i> Ұсынылатын әдебиет	20

## Түсіндірме жазба

Осы «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жаңа формациядағы педагогі» атты біліктілік арттыру курсының жұмыс оқу жоспары мен бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 10 наурызындағы №193 Бұйрығына сәйкес әзірленді:

- 1) 3-модуль «Техникалық және кәсіптік білімнің жаңа парадигмасы және даму стратегиясы» (16 сағат);
- 2) 4-модуль «Техникалық және кәсіптік білімді нормативтік, бағдарламалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» (8 сағат);
- 3) 5-модуль «Функционалдық АКТ-құзыреттілік» (12 сағат);
- 4) 6-модуль «Кәсіптік педагогика және психология негіздері» (18 сағат);
- 5) 7-модуль «Техникалық және кәсіптік білім беруді жоспарлауға және ұйымдастыруға заманауи тәсілдемелер» (18 сағат).

Бағдарлама Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТжКБ) жүйесінің өндірістік оқыту шеберлерінің, оқытушыларының және басшылық құрамының біліктілігін арттыруға арналған.

Оқытудың жалпы ұзақтығы: 72 сағат

Оқыту тілі: қазақ, орыс.

Бағдарламаның мақсаты «Кәсіпкор» холдингі» КЕАҚ-ы (бұдан әрі – Холдинг) модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларын енгізу бойынша ТжКБ ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлерінің, оқытушыларының және басшыларының практикалық білімін, білігін және дағдысын, кәсіби құзыреттерін қалыптастыру және дамыту, оқу процесінің мазмұнын жаңғырту, озық педагогикалық, соның ішінде шетелдік ТжКБ ұйымдарының тәжірибесін тарату болып табылады.

Бағдарлама тапсырмалары:

- 1) ТжКБ жүйесінің мазмұнын айқындастырын Қазақстан Республикасындағы ТжКБ жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың және стратегиясының негізгі бағыттарын және нормативтік-құқықтық актілерді ұсыну;
- 2) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы саласындағы негізгі оқу материалдарын ұсыну және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен таныстыру;
- 3) оқу процесін ұйымдастыру, оқу курстарын, сабактарды, презентацияларды әзірлеу үшін бағдарламалармен жұмыс жасау бойынша бар білімдерін жаңарту және жүйелеу;
- 4) педагогикалық қызметтің инновациялық тәсілдемелерін және принциптерін қолдана отырып оқу жоспарларының және бағдарламаларының мазмұнын ішнара немесе толықтай жаңарту бойынша практикалық дағдыларын шындау;
- 5) модульдік-құзыреттілік тәсілдемеге негізделген білім беру бағдарламаларын және инновациялық білім беру бағдарламаларын (модульдік, дуальдық және кредиттік оқыту технологиялары) енгізудің әдістемесі мен әдістері;
- 6) модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі білім беру бағдарламаларын енгізу үшін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді құрастыру бойынша білік және практикалық дағдыны шындау.

Осы Бағдарламаның мазмұны келесілерді игеруге бағытталған:

- 1) ТжКБ жүйесінің мазмұнын айқындастырын Қазақстан Республикасындағы ТжКБ жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың және стратегиясының негізгі бағыттарын және нормативтік-құқықтық актілерді;
- 2) «Кәсіпкор» холдингі» КЕАҚ-ы модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларының ТжКБ жүйесіндегі қолданыстағы үлгілік оқу жоспарларынан және бағдарламаларынан айырықша ерекшеліктерін;

3) модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі білім беру бағдарламаларын енгізу шарттарын және әзірлеу әдіснамасын.

Бағдарлама мазмұнында тыңдаушыларды практикалық білік және дағдыларға оқыту қарастырылған:

1) білім беру модульдерін жобалау және құрастыру, ТжКБ басқа модульдік бағдарламаларымен интеграциялаудың механизмдерін үлгілеу және студенттерді оқытуды модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде ұйымдастыру;

2) жұмыс, күнтізбелік-тақырыптық және сабак жоспарларын құрастыру;

3) білім беру процесінің оку-әдістемелік қамтамасыз етілуін құзыреттілікке негізделген модульдік бағдарламаларға сәйкес қалыптастыру;

4) студенттердің оку нәтижесін заманауи тәсілдемелер және инновациялық технологиялар негізінде бағалау;

Оқытудың нәтижесін бағалау жүйесі құзыреттілік, тұлғалық-бағдарланған және критериалдық-бағдарланған тәсілдемелерінің негізінде құрылған (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 10 наурызындағы №193 Бұйрығының 5, 7 тармақтары).

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағалау шкаласы және бағдарламаның мазмұнын игеру параметрлері әзірленеді.

Оқытудың әр кезеңі бес балдық жүйе бойынша бағаланады.

Барлық тақырыптар бойынша жиынтық өту балы **кем дегенде 35 балды** құрауы қажет (ең көбі 50 балл).

Бағалаудың барлық критерилері бойынша кем дегенде **35 балл** алған және осы Бағдарламаның мазмұнын табысты игерген тыңдаушылар Холдингтің оқыту курсын тәмәмдағанын растайтын сертификатын алады.

Біліктілік арттыру курсының нәтижесінде тыңдаушылар инновациялық білім беру технологияларын, соның ішінде модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі білім беру бағдарламаларын енгізу үрдісінің практикалық білімін, білігін және дағдысын игеруі тиіс.

**Біліктілік артыру курсының оқу жоспары**

Р/Р №	Такырып атаяуы	Аудиторлық оқыту			
		Сонын ішінде (сағат бойынша):	Теориялық оқыту	Тәжірибелік оқыту	Ағымдағы бақылау
1	Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың мемлекеттік саясаты және даму стратегиясы		4	2,5	0,5
2	Техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнын айқындастын негізгі нормативтік күккілтік актілер		2	2,5	0,5
3	АКТ бойынша кіріспе курс. Оқытуудың техникалық және бағдарламалық күралдары		1	2,5	0,5
4	Кәсіптік білімнің психологиялық-педагогикалық негіздері		4	6	1
5	Оқытуудың заманауи стратегиялары. Оқытудағы және сабак берудегі жаңа технологиялар және тәсілдер		2	1,5	0,5
6	«Кәсіпкор» холдингі» КЕАК-ы модульдік-күзьерттілік тәсілдеме негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларының ТЖКБ жүйесінің Ултілік оқу жоспарларынан және бағдарламаларынан айырықша ерекшеліктері		2	2	0,5
7	Заманауи бағалаудың түрлері, нысандары және әдістері (критериалдық, формативтік және суммативтік бағалау)		1	2	0,5
8	«Кәсіпкор» холдингі» КЕАК-ы әзірлеген білім беру бағдарламаларының негізінде жұмыс оқу жоспарларын және бағдарламаларын курастырудың әдісі мен тәжірибесі		1,5	9	0,5
9	«Кәсіпкор» холдингі» КЕАК-ы әзірлеген білім беру бағдарламаларының негізінде күзьерттерді қалыптастыру үшін оқу модульдерінің перспективтік (күнтізбелік)-такырыштық, сабак жоспарларын курастыру тәжірибесі		1,5	6	0,5
10	«Кәсіпкор» холдингі» КЕАК-ы модульдік-күзьерттілік тәсілдеме негізіндегі әзірлеген білім беру бағдарламаларын енгізу үшін білім беру процесін оку-әдістемелік қамтамасыз ету		1,5	4	0,5
11	Дөңгелек Устел «Оқыту мамандығының бір пәні бойынша модульді, біркітілген оқыту бағдарламаларын және оқу-әдістемелік кешенін әзірлеудін проблемалық суректары»		-	2	-
12	«Кәсіпкор» холдингі» КЕАК-ы модульдік-күзьерттілік тәсілдеме негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларын енгізу бойынша портфолионы (курстық) жобаны корғау		-	-	6
	<b>БАРЛЫГЫ (сағат)</b>		<b>20,5</b>	<b>40</b>	<b>11,5</b>

## **Біліктілік арттыру курсының тақырыптық жоспары және бағдарламасы**

### **3 модуль «Техникалық және кәсіптік білімнің жаңа парадигмасы және даму стратегиясы»**

**1 тақырып. Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың мемлекеттік саясаты және даму стратегиясы.**

#### **Тақырыпқа қысқаша шолу**

Аталған бөлімде мемлекеттік саясаттың және Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің даму стратегиясының басты бағыттары қарастырылады.

Техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнын айқындайтын өзекті нормативтік актілері. Шетелдік техникалық және кәсіптік білім берудің негізгі стратегиялық бағыттары.

#### **Оқыту нәтижелері (құзыреттер)**

1. Жаңғырту жағдайындағы техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік саясатын және даму стратегиясын білу және түсіну
2. Шетелдік білім беру жүйесінің дамуының негізгі үрдістерін білу және түсіну.

p/r №	Сабак тақырыбының атауы	Сағаттар саны
1.1	Қазақстан Республикасындағы техникалық және кәсіптік білім берудің даму стратегиясы және мемлекеттік саясаты	4
1.2	Шетелдік білім беру жүйесінің дамуының негізгі үрдістері	3
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>7</b>

**1.1 тақырып. Қазақстан Республикасындағы техникалық және кәсіптік білім берудің даму стратегиясы және мемлекеттік саясаты**

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің даму стратегиясының және мемлекеттік саясатының басты бағыттары:

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

#### **1.2 тақырып. Шетелдік білім беру жүйесінің дамуының негізгі үрдістері**

Германиядағы, Сингапурдағы, Финляндиядағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуының негізгі үрдістері. Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне әлемнің үздік тәжірибелерінің инновациялық білім беру технологияларын енгізуудің мүмкіншіліктері.

### **4 модуль «Техникалық және кәсіптік білімді нормативтік, бағдарламалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету»**

**2 тақырып. Техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнын айқындайтын негізгі нормативтік құқықтық актілер**

#### **Тақырыпқа қысқаша шолу**

Аталған бөлімде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің қызметін реттейтін негізгі нормативтік актілер қарастырылады, Ұлттық біліктілік жүйесінің өзектілігін және маңыздылығын айқындайды: ҰБШ, СБШ, кәсіби стандарттар, сертификаттау.

### **Оқыту нәтижелері (құзыреттер)**

1. Техникалық және кәсіптік білімді нормативтік, бағдарламалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді білу және түсіну.
2. Ұлттық біліктілік жүйесінің, кәсіби стандарттардың және сертификаттаудың өзектілігін және маңыздылығын білу және түсіну.

p/r №	Сабак тақырыбының атауы	Сағаттар саны
2.1	Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің мазмұнын айқындайтын негізгі нормативтік құқықтық актілер	2
2.2	Ұлттық біліктілік жүйесінің рөлі	3
<b>БАРЛЫГЫ</b>		<b>5</b>

#### **2.1 тақырып. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің мазмұнын айқындайтын негізгі нормативтік құқықтық актілер.**

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің мазмұнын айқындайтын өзекті нормативтік актілер. Ұлттық біліктілік шеңберінің, кәсіби стандарттардың және сертификаттаудың рөлі.

Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі).

Жалпы ережелер, білім беру мазмұнына қойылатын талаптар, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар. Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламарын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидалары.

#### **2.2 тақырып. Ұлттық біліктілік жүйесінің рөлі**

Жалпы кәсіптік құзыреттердің біліктілік деңгейлерінің бірдей шкаласын айқындау үдерісіне қойылатын Ұлттық біліктілік жүйесінің талаптары.

### **5 модуль «Функционалдық АКТ-құзыреттілік»**

#### **3 тақырып. АКТ бойынша кіріспе курс. Оқытудың техникалық және бағдарламалық құралдары**

##### **Тақырыпқа қысқаша шолу**

Аталған бөлімде заманауи АКТ негізінде оқыту процесін жобалау, ұйымдастыру және бағалау бойынша тыңдаушылардың дағдыларын жетілдіру қарастырылады.

Оқыту процесінде қажетті АКТ сәйкес жабдықтарын таңдап алу және қолдану бойынша тапсырмаларды шешу құзыреттеріне қойылатын негізгі талаптарға ерекше көніл аударылған.

##### **Оқыту нәтижелері (құзыреттер)**

1. Ақпараттық технологиялардың дамуының негізгі бағыттарын және үрдістерін білу және түсіну;
2. Сандық білім беру ресурстарын, оқытудың бағдарламалық және техникалық жабдықтарын қолдануды білу және түсіну;

3. МобиЛЬдік ресурстарды, бұлттық технологияларды және әлеуметтік желілерді білім беру мақсаттарында қолдана білу және түсіну.

p/r №	Сабак тақырыбының атауы	Сағаттар саны
3.1	АКТ бойынша кіріспе курс.	2
3.2	Оқу сабағының материалдарын электрондық форматта әзірлеу және орналастыру	2
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>4</b>

### **3.1 тақырып. АКТ бойынша кіріспе курс.**

Негізгі түсініктер. Бағдарламалардың түрлері және интерфейсі. Құжаттарды әзірлеу және өндіу. Пән бойынша материалдардың нысандары және баптау.

### **3.2 тақырып. Оқу сабағының материалдарын электрондық форматта әзірлеу және орналастыру**

АКТ қолдана отырып білім беру процесі үшін ОӘК әзірлеу тәсілдері.

Тиімді оқу-әдістемелік презентациялар. Оқыту процесін ұйымдастыру үшін, оқу курстарын әзірлеу үшін бағдарламалармен жұмыс жасау.

## **6 модуль «Кәсіптік педагогика және психология негіздері»**

### **4 тақырып. Кәсіптік білімнің психологиялық-педагогикалық негіздері**

#### **Тақырыпқа қысқаша шолу**

Кәсіптік оқытудағы құзыреттілік тәсілдеме.

Тиімді студент. ТжКБ жүйесі түлектерінің тұлғасына деген талаптар. ТжКБ студенттерінің жасына сәйкес психологиялық-педагогикалық ерекшіліктері.

Тиімді оқытушы. Тиімді оқытушының кәсіби-жеке мінездемелері және құзыреттері.

XXI ғасырдың мамандарына қойылатын басты құзыреттерге, ТжКБ студенттерінің психологиялық-педагогикалық ерекшіліктеріне, ТжКБ ұйымдары студенттерінің мотивациялық мінез-құлқына ерекше көңіл бөлінген.

#### **Оқыту нәтижелері (құзыреттер)**

1. Сұранысқа ие жұмысшы кадрларды даярлау және оқыту процесінің тиімділігіне қол жеткізу үшін инновациялық білім беру технологияларына негізделген ТжКБ ұйымдарының түлектеріне және жаңа форматтағы оқытушыларға қойылатын негізгі талаптарды білу және түсіну.

2. ТжКБ студенттерінің психологиялық-педагогикалық ерекшіліктерін білу және түсіну.

p/r №	Сабак тақырыбының атауы	Сағаттар саны
4.1	Кәсіптік оқытудағы құзыреттілік тәсілдеме	6
4.2	Тиімді студент. Тиімді оқытушы.	5
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>11</b>

### **4.1 тақырып. Кәсіптік оқытудағы құзыреттілік тәсілдеме**

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі түлектеріне мемлекет, қоғам, жұмыс берушілер, ата-аналар, оқытушылар, студенттер тараپынан қойылатын талаптар және оларды Ұлттық біліктілік жүйесіндегі орны.

#### **4.2 тақырып. Тиімді студент. Тиімді оқытушы.**

ТжКБ жүйесі тұлектерінің тұлғасына деген талаптар. ТжКБ студенттерінің кәсіби дамуы. ТжКБ студенттерінің қажеттіліктері және ынталандыру. ТжКБ студенттерінің жасына сәйкес психологиялық-педагогикалық ерекшіліктері. ТжКБ студенттерінің жеке-типовиялық ерекшеліктері.

Тиімді оқытушының кәсіби-жеке мінездемелері және құзыреттері.

### **7 модуль «Техникалық және кәсіптік білім беруді жоспарлауға және ұйымдастыруға заманауи тәсілдемелер»**

#### **5 тақырып. Оқытудың заманауи стратегиялары. Оқытудағы және сабак берудегі жаңа технологиялар және тәсілдемелер**

##### **Тақырыпқа қысқаша шолу**

Оқытудың заманауи стратегиялары. Оқытудағы және сабак берудегі жаңа технологиялар және тәсілдемелер. Білім алушының тұлғасына әсер етудің педагогикалық әдістері мен құралдары.

- ✓ модульдік оқытудың;
- ✓ дуальдық оқыту жүйесінің негізгі принциптері;

##### **Оқыту нәтижелері (құзыреттер)**

###### **1) Құзыреттілікке негізделген модульдік оқытудың принциптерін білу:**

- ✓ модульдік оқытудың айырықша ерекшеліктерін білу;
- ✓ модульдік оқытудың мәнін және артықшылықтарын білу;
- ✓ құзыреттілікке негізделген оқу бағдарламаларын әзірлеудің негізгі принциптерін білу.

###### **2) Құзыреттілікке негізделген дуальдық оқытудың принциптерін білу:**

- ✓ дуальдық оқытудың мәнін білу;
- ✓ дуальдық оқытуды ұйымдастырудың негізгі принциптерін білу.

###### **3) Жаңа оқыту технологияларының айырықша ерекшеліктерін және мүмкіншіліктерін айыра білу білігі (модульдік оқыту және дуальдық оқыту)**

p/r №	Сабак тақырыбының атауы	Сағаттар саны
5.1	Оқытудың заманауи стратегиялары	1.5
5.2	Құзыреттілікке негізделген модульдік оқыту	1,5
5.3	Дуальдық оқыту.	1
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>4</b>

#### **5.1 тақырып. Оқытудың заманауи стратегиялары.**

Оқытудағы және сабак берудегі жаңа технологиялар және тәсілдемелер. Өндірістік оқыту шеберінің және оқытушының кәсіби құзыреттерін қалыптастыру.

#### **5.2 тақырып. Құзыреттілікке негізделген модульдік оқыту.**

Модульдік оқытудың құрылымының ерекшеліктері. Құзыреттілікке негізделген модульдік бағдарламаларды әзірлеудің технологиясы. Модульдік оқытуды дәстүрлі оқыту түрлерімен салыстырмалы талдау жасау.

Қазақстан Республикасының ТжКБ жүйесіне модульдік оқытуды енгізу процесінің ерекшеліктері.

### **5.3 тақырып. Дауальдық оқыту.**

Дауальдық оқытуды жоспарлау және әдістемелік алып журу. «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларын енгізудегі дауальдық оқытудың артылықшылықтары.

**6 тақырып. «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларының ТЖКБ жүйесінің үлгілік оқу жоспарларынан және бағдарламаларынан айырықша ерекшеліктері.**

#### **Тақырыпқа қысқаша шолу**

Аталған бөлімде «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларын енгізу әдіснамасының негізгі бағыттары; білім беру бағдарламаларының әдістері, ерекшеліктері және мүмкіншіліктері, сонымен қатар оларды енгізудің шарттары қарастырылады.

#### **Оқыту нәтижелері (құзыреттер)**

##### **1) Модульдік-құзыреттілік тәсілдемеге негізделген білім беру бағдарламаларын әзірлеудің әдіснамасы туралы білім және түсінік**

- ✓ Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу бойынша ағымдағы жағдайды білу
- ✓ Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларын ТЖКБ жүйесінде қолданыстағы үлгілік оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен (ҮОЖ және ҮОБ) салыстыра және ажыратады білу, білім беру бағдарламаларының артықшылықтарын білу
- ✓ Оқытудың мазмұнын жаңарту және студенттердің құзыреттерінің деңгейін арттыру үшін білім беру бағдарламаларын енгізудің маңызын түсіну

##### **2) Модульдік-құзыреттілік тәсілдемеге негізделген білім беру бағдарламаларын енгізу шарттары туралы білім және түсінік**

- ✓ Білім беру бағдарламаларын енгізу кезеңдері туралы білім және түсінік (негізгі іс-шаралар және күтілетін нәтиже);
- ✓ Жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу шарттарын білу.

p/p №	Сабак тақырыбының атауы	Сағаттар саны
6.1	«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларының ТЖКБ жүйесінде қолданыстағы үлгілік оқу жоспарларынан және бағдарламаларынан айырықша ерекшеліктері.	2
6.2	Тренердің жетекшілігімен тыңдаушының өзіндік жұмысы: «КР ТЖКБ ұйымдарының оқу процесіне «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларын енгізудің механизмдері және шарттары».	2,5
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>4,5</b>

#### **6.1 тақырып. «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларының ТЖКБ жүйесінде қолданыстағы үлгілік оқу жоспарларынан және бағдарламаларынан айырықша ерекшеліктері.**

Модульдік-құзыреттілік оқыту әдіснамасы. Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері және жалпы ережелерінің

құрылымы. Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі білім беру бағдарламаларын ТЖКБ жүйесінде қолданылып жүрген үлгілік оқу бағдарламаларымен салыстырмалы түрде талдау жасау.

Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі білім беру бағдарламаларын енгізу кезінде білім беру процесін құрастырудың негізгі бағыттары.

**6.2 тақырып. Тренердің жетекшілігімен тындаушының өзіндік жұмысы: «КР ТЖКБ ұйымдарының оқу процесіне «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларын енгізуіндегі механизмдері және шарттары».**

Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, оқыту мамандығы бойынша материалдық-техникалық және зертханалық базаны талдау, инженерлік-педагогикалық құрамды кәсіби даярлау, әлеуметтік серіктестерді тарту, жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу процесін әдістемелік алып жүру бойынша жұмыс тобын құру және т.б.

**7 тақырып. Заманауи бағалаудың түрлері, нысандары және әдістері (критериалдық, формативтік және сумативтік бағалау)..**

### **Тақырыпқа қысқаша шолу**

Аталған бөлімде студенттердің оқу қызметін бағалаудың негізгі нысандары, түрлері, әдістері және рәсімдері қарастырылады: бағалау шкаласын және оқу бағдарламасының мазмұнын игеруінің параметрлерін әзірлеу.

#### **Оқыту нәтижелері (құзыреттер)**

1. Заманауи бағалаудың түрлері, нысандары және әдістері (критериалдық, формативтік және сумативтік бағалау) білу және түсіну
2. Заманауи бағалаудың түрлерін, нысандарын және әдістерін (критериалдық, формативтік және сумативтік бағалау) қолдана білу жөніндегі білік және дағды

p/p №	Сабак тақырыбының атауы	Сағаттар саны
7.1	Заманауи бағалаудың түрлері, нысандары және әдістері (критериалдық, формативтік және сумативтік бағалау)	1
7.2	Тренердің жетекшілігімен тындаушының өзіндік жұмысы: «Өзі өткізетін арнайы пәнге сәйкес түрлері бойынша бағалау критерилерін әзірлеу»	2,5
<b>БАРЛЫГЫ</b>		<b>3,5</b>

**7.1 тақырып. Заманауи бағалаудың түрлері, нысандары және әдістері (критериалдық, формативтік және сумативтік бағалау).**

Критериалдық, формативтік және сумативтік бағалау түсінігі. Сабак өткізу және оқыту процесінің сапасын бағалаудың құралдары.

Мақсатты, мазмұнды және күтілетін нәтижені айқындағы білуіне қойылатын талаптар негізінде пән бойынша модульдік бірліктің (бағдарламаның) сапасын анықтау.

Модульдік бірліктің шенберінде студенттерді оқытуудың және сабак өткізуіндегі сапасын мониторингтеу және талдау бағдарламасын әзірлеу.

**7.2 тақырып. Тренердің жетекшілігімен тындаушының өзіндік жұмысы: «Өзі өткізетін арнайы пәнге сәйкес түрлері бойынша бағалау критерилерін әзірлеу»**

**8 тақырып. «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы әзірлеген білім беру бағдарламаларының негізінде жұмыс оқу жоспарларын және бағдарламаларын құрастырудың әдісі мен тәжірибесі.**

**Тақырыпқа қысқаша шолу**

Аталған бөлімде «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы әзірлеген білім беру бағдарламаларының негізіндегі жұмыс оқу жоспарларының және бағдарламаларының құрылымы мен түрі, әзірлеу әдістемесі қарастырылады.

**Оқыту нәтижелері (құзыреттер)**

1) «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы әзірлеген білім беру бағдарламаларының негізіндегі жұмыс оқу жоспарларының және бағдарламаларының құрылымын және түрін, әзірлеу әдістемесін білу:

✓ білім беру бағдарламаларының негізіндегі жұмыс оқу жоспарларын және бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын талаптарды білу және түсіну.

2) дайын үлгі бойынша жұмыс оқу жоспарларын және бағдарламаларын негізгі элементтерін құрастыру бойынша білік және дағды:

✓ уақыт бюджеті бойынша жиынтық мәліметті және оқу процесінің кестесін дайын үлгі бойынша құру;

✓ оқу процесінің жоспарын дайын үлгі бойынша құру;

✓ білім беру бағдарламасының мазмұнының құрылымын дайын үлгі бойынша құру.

p/p №	Сабак тақырыбының атауы	Сағаттар саны
8.1	«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы әзірлеген білім беру бағдарламаларының негізінде жұмыс оқу жоспарларын және бағдарламаларын құрастырудың әдісі мен тәжірибесі	1,5
8.2	Тренердің жетекшілігімен тындаушының өзіндік жұмысы: «Бір мамандық мысалында модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарын құрастыру»	9,5
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		11

**8.1 тақырып. «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы әзірлеген білім беру бағдарламаларының негізінде жұмыс оқу жоспарларын және бағдарламаларын құрастырудың әдісі мен тәжірибесі.**

Модульдік-құзыреттілік тәсілдемеге негізделген білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарының жалпы ережелері. Оқу жоспарының құрылымы (оқу процесінің графигі, уақыт бюджеті бойынша жиынтық мәліметтер, оқу процесінің жоспары, оқу жоспарына түсіндірме жазба). Білім беру бағдарламасы мазмұнының құрылымы (модульге қысқаша шолу (пәндер, тәжірибе), күтілетін нәтиже және бағалау критерилері).

**8.2 Тренердің жетекшілігімен тындаушының өзіндік жұмысы: «Бір мамандық мысалында модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарын құрастыру»**

Өзіндік жұмыс: «Бір мамандық мысалында модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарын құрастыру».

**9 тақырып. «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы әзірлеген білім беру бағдарламаларының негізінде құзыреттерді қалыптастыру үшін оқу модульдерінің перспективтік-тақырыптық, сабак жоспарларын құрастыру тәжірибесі.**

## Тақырыпқа қысқаша шолу

Аталған бөлімде құзыреттерді қалыптастыру үшін оқу модульдерінің перспективтік-тақырыптық және сабак жоспарларын әзірлеу әдістемесі қарастырылады.

### Оқыту нәтижелері (құзыреттер)

1) құзыреттерді қалыптастыру үшін оқу модульдерінің перспективтік-тақырыптық және сабак жоспарларын әзірлеу әдістемесін білу;

2) үлгі бойынша оқу модульдерінің перспективтік-тақырыптық және сабак жоспарларын құрастыра білу;

3) модульдік-құзыреттілік тәсілдемеге негізделген білім-бери бағдарламаларының оқу модульдерінің перспективтік-тақырыптық және сабак жоспарларын әзірлеу бойынша дағды.

p/r №	Сабак тақырыбының атауы	Сағаттар саны
9.1	Құзыреттерді қалыптастыру үшін оқу модульдерінің перспективтік-тақырыптық және сабак жоспарларының түрі және әзірлеу әдісі	1,5
9.2	Құзыреттерді қалыптастыру үшін оқу модульдерінің перспективтік-тақырыптық, сабак жоспарларын құрастыру тәжірибесі.	6,5
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		8

### 9.1 тақырып. Құзыреттерді қалыптастыру үшін оқу модульдерінің перспективтік-тақырыптық және сабак жоспарларының түрі және әзірлеу әдісі.

Перспективтік-тақырыптық жоспарлардың жалпы ережелері, басты тапсырмалары, функциялары және мүмкіншіліктері. Перспективтік-тақырыптық және сабак жоспарларының құрылымы.

### 9.2 тақырып. Құзыреттерді қалыптастыру үшін оқу модульдерінің перспективтік-тақырыптық, сабак жоспарларын құрастыру тәжірибесі.

Тренердің жетекшілігімен тыңдаушының өзіндік жұмысы: «Оқыту мамандығының бір модулі бойынша перспективтік-тақырыптық және сабак жоспарларын әзірлеу».

## 10 тақырып. «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі әзірлеген білім беру бағдарламаларын енгізу үшін білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

### Тақырыпқа қысқаша шолу

Аталған бөлімде модульдік бағдарламалар бойынша ТжКБ үйымдарында негізіндегі әзірлеген білім беру бағдарламаларын енгізу үшін білім беру процесін қамтамасыз ету сұрақтары қарастырылады.

### Оқыту нәтижелері (құзыреттер)

1) модульдер бойынша оқу-әдістемелік кешендерін мақсатын, тапсырмасын және құрудың ретін білу;

2) модульдер бойынша оқыту нәтижесін критериалдық бағалау үшін БӨМ әзірлеу және бағалау парагын құрастыру бойынша білік және дағды.

p/r №	Сабак тақырыбының атауы	Сағаттар саны
10.1	«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі әзірлеген білім беру бағдарламаларын енгізу үшін білім	1,5

	беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	
10.2	Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі білім беру бағдарламаларының пәнін (модулін) оқу-әдістемелік кешенін қалыптастыру тәжірибесі	4,5
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>6</b>

**10.1 тақырып.** Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі білім беру бағдарламаларын енгізу үшін білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

Оқу-әдістемелік кешенінің жалпы ережелері. Оқу-әдістемелік кешенін әзірлеудің реті. Оқу-әдістемелік кешенінің құрылымына қойылатын талаптар.

**10.2 тақырып.** Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі білім беру бағдарламаларының пәнін (модулін) оқу-әдістемелік кешенін қалыптастыру тәжірибесі

Тренердің жетекшілігімен тындаушының өзіндік жұмысы: «Оқытудың бір мамандығы бойынша модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі жаңа білім беру бағдарламаларының бірі бойынша пәннің (модульдің) оқу-әдістемелік кешенін қалыптастыру»

**11 тақырып.** Дөңгелек үстел «Оқыту мамандығының бір пәні бойынша модульді, біріктірілген оқыту бағдарламаларын және оқу-әдістемелік кешенін әзірлеудің проблемалық сұрақтары».

p/r №	Сабак тақырыбының атауы	Сағаттар саны
11.1	Дөңгелек үстел «Оқыту мамандығының бір пәні бойынша модульді, біріктірілген оқыту бағдарламаларын және оқу-әдістемелік кешенін әзірлеудің проблемалық сұрақтары»	2
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>2</b>

**11.1 тақырып.** Дөңгелек үстел «Оқыту мамандығының бір пәні бойынша модульді, біріктірілген оқыту бағдарламаларын және оқу-әдістемелік кешенін әзірлеудің проблемалық сұрақтары»

Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ның әзірлеген білім беру бағдарламаларын енгізу бойынша проблемалық сұрақтарды талқылау. Оқыту бағдарламаларының басты аспектілеріне рефлексия жасау. Оқытудың бір мамандығы бойынша модульдерге және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге түзетулер енгізу.

**12 тақырып.** «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларын енгізу бойынша портфолионы (курстық) жобаны қорғау

p/r №	Сабак тақырыбының атауы	Сағаттар саны
12.1	«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларын енгізу бойынша портфолионы (курстық) жобаны қорғау	6
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>6</b>

**12.1 тақырып. «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ы модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларын енгізу бойынша портфолионы (курстық) жобаны қорғау**

Оқыту мамандығы бойынша жаңа модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізіндегі жаңа білім беру бағдарламаларын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің үзіндісін презентациялау (әр тындаушы).

### **Бес балдық жүйе бойынша бағалау шкаласы:**

- 1) «5» **балы** тыңдаушы бағдарламаның барлық материалын жетік менгерген, оны өте жақсы түсінеді және нықты игерген жағдайда қойылады. Сұрақтарға (бағдарлама аясындағы) дұрыс, саналы және сенімді жауап береді. Әр түрлі тәжірибелік тапсырмаларда алғанған білімдерін өздігінше қолдана алады. Білікті үздік игерген;
- 2) «4» **балы** тыңдаушы бағдарламамен талап етілетін материалды үлкен деңгейде игерген, оны жақсы түсінеді және нықты игерген жағдайда қойылады. Сұрақтарға (бағдарлама аясындағы) қиналмай жауап береді. Алған білімін тәжірибелік тапсырмаларда қолдана алады. Аздаған қателіктер жібереді. Білікті орташа деңгейде игерген;
- 3) «3» **балы** тыңдаушы бағдарламаның негізгі оқу материалдарының керегін таба алған жағдайда қойылады. Тәжірибеде білік және дағдысын қолдану кезінде кейбір қыншылықтарды сезінеді және оларды тренердің аздаған көмегімен еңсереді. Материалды мазмұндағанда қателіктер жібереді және білім мен білікті жалпы түрде игерген;
- 4) «2» **балы** тыңдаушы бағдарламаның оқу материалдарының көп бөлігін білмейді, көбінесе тренердің бағыттаған сұрақтарына сенімсіз жауап берген жағдайда қойылады. Білім және біліктің төмен деңгейін, кей кезде ғана көрсетеді, алайда көбінесе қыншылыққа тап болады;
- 5) «1» **балы** тыңдаушы бағдарлама бойынша өтіліп жатқан материалды толықтай білмеген жағдайда қойылады.

## **Бағдарламада қолданылатын терминдер, түсініктер және қысқартулар**

**Дуалды оқыту** – білім беру мекемесіндегі теориялық оқытуды (оқу уақытының 30%-40%) және өндірістік кәсіпорында тәжірибелік оқытуды (оқу уақытының 60%-70%) біріктіретін кадрларды даярлау нысаны.

**Біліктілік** – жұмыскердің белгілі бір жұмыс түрін атқаруға кәсіби даярлығының деңгейі.

**Кредиттік оқыту технологиясы** – білім беру траекториясын жеке таңдалуы және білім көлемін кредит түрінде есепке алу негізінде өзіндік білім деңгейін арттыруға және білімді шығармашылық игеруге бағытталған білім беру жүйесі.

**Критериалдық бағалау** – оқушылардың оқу-танымдылық құзыреттерінің қалыптасуына ықпал ететін, білім берудің мақсаттарына және мазмұнына сәйкес келетін, оқушының оқудағы жетістіктерін анық белгіленген, бірлесіп жасалған, білім беру процесінің барлық қатысушыларына (оқушыларға, білім беру ұйымдарының әкімшілігіне, ата-аналарға, занды өкілдерге және т.б.) белгілі критерилермен салыстырмалы талдау жасау процесі.

**Курстық жоба** – инновациялық білім беру технологиялары бойынша кәсіби білім, білік, дағды және құзыреттерді тәжірибеде қолдануға бағдарланған біліктілік арттыру курсының нәтижесі бойынша тыңдаушылардың қорытынды жұмысы.

**Критерилері** – нені болсада қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін бағалау бойынша белгі, негіз, шешім қабылдау ережесі. Критерилер дескрипторлармен сипатталады, оларда (әрбір нақты тапсырма үшін) оқу тапсырмасын орындау нәтижесі идеалды түрде қандай болуы керек екені көрінуі тиіс екендігі туралы түсінік беріледі, ал дескрипторға сәйкес бағалау дегеніміз бұл оқушының бұл мақсатқа жақындау деңгейін анықтау.

**Білім берудегі әдістеме** – жеке білім беру процестерінде педагогикалық қызметтің белгілі бір тәсілдерін, әдістерін, техникаларын сипаттау.

**Қолданбалы мағынадағы әдіснама** – бұл физика, химия, биология және басқада ғылыми пәндер секілді – белгілі бір пәннің шеңберінде білімді қабылдау және әзірлеу барысында зерттеуші (ғалым) сүйенетін зерттеу қызметтің принциптері мен тәсілдемелерінің жүйесі (кешен, өзара байланысты жиынтық).

**Оқу жоспарының моделі** – техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнының негізгі инвариантты құрылымдық компоненттерін көрсететін оқу жоспарын ұсыну нысаны.

**Модуль** – білім беру бағдарламасының тәуелсіз, өздігінше жеткілікті және толық тарауы немесе оқыту кезеңі.

**Модульдік оқыту** – оқу ақпаратын блоктық-модульдік ұсыну негізіндегі оқу процесін ұйымдастыру тәсілі.

**Білім беру бағдарламасы** – пәндер тізімі, оқу жұмыстарының түрі арқылы білім беру жүйесінің белгілі бір деңгейінің мазмұнын айқындайтын құжат, ол мақсаттарды және оларды игеруге қажетті оқу уақытын қамтиды.

**Бағалау** – ағымдағы және бұдан арғы оқыту процесіне байланысты пікір шығаруға, шешімдерге және/немесе ұсыныстарға әкелетін процестерді және оқыту нәтижелерін жүйелі және сыни талдау.

**Парадигма** – ғылыми қауымдастықпен қабылданатын және ортақ болып табылатын және де олардың көпшілік мүшелерін біріктіретін іргелі ғылыми қондырғылар, ұғынымдар және терминдер жиынтығы.

**Біліктілігін арттыру** – жұмысшыға, маманға, оқытушыға бұдан бұрын игерілген кәсіби білім, білік және дағдыларын қолдауға, кеңейтуге, терендетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіби оқыту түрі.

**Портфолио** – бағдарлама шеңберінде белгілі бір талаптар және бағалау критерилері контексінде нәтижелілікті, прогресті және жетістіктерді көрсететін, оқу кезеңінде әртүрлі қызмет түрлерінде қол жеткізген жетістіктерді және жұмыстың орындаулын растайтын құжаттар пакеті.

**Кәсіптік практика** – болашақ кәсіби қызметімен байланысты белгілі бір жұмыс түрін орындау үдерісінде теориялық білімдерді, біліктерді бекітуге және практикалық дағдыларды және құзыреттерді алуға және дамытуға бағытталған оқыту қызметінің бір түрі.

**Рефлексия** – тыңдаушының/тренердің өз-өзіне көніл аударуы және атап айтқанда ой елегінен өткізу мақсатында өз іс-әрекетінің нәтижелілігіне көніл бөлуі.

**Жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ)** – үлгілік оқу жоспарының негізінде техникалық және кәсіптік білім беру үйіммен әзірленіп, білім беру мекемесінің басшысымен бекітілетін құжат, ол оқу пәндерінің (модульдерінің) көлемін және тізімін, жиілігін және оқытуды үйімдастырудың, білім алушылардың білімін және білігін қадағалаудың, кәсіптік даярлық деңгейін бағалаудың негізгі нысандарын реттейді

**Жұмыс оқу бағдарламасы (ЖОБ)** – үлгілік оқу бағдарламасының негізінде жұмыс оқу жоспарының белгілі бір пәніне (модулыне) техникалық және кәсіптік білім беру үйіммен әзірленіп, білім беру мекемесінің басшысымен бекітілетін құжат, арнайы әскери оқу орындарында жұмыс оқу бағдарламасы силабус деп аталады.

**Бақылап-өлшеу материалдары (БӨМ)** – бұл білім берудің нәтижесінің сапасын өлшеу құралы, олар: емтихан билеттері, бақылау тапсырмалары, тесттік тапсырмалар, түлектерді бағыттар (мамандықтар) бойынша мемлекеттік қорытынды аттестациялау болып табылады.

**Сертификат** – біліктілік талаптарына, сонымен қатар белгілі бір облыстың стандарттарына және кәсіби іс-әрекетінің деңгейіне маманның біліктілігі деңгейінің сәйкестігін растайтын (кәсіби құзыреттілік деңгейін) белгілі бір үлгідегі құжат.

**Сертификациялау** – рәсім, оның көмегімен мамандардың сәйкестігін растау және біліктілік беру бойынша мекеме тұлғаның біліктілік деңгейінің белгілі бір талаптарына және СБШ, ҰБШ және кәсіптік стандарттардың құзыреттіліктеріне сәйкес екендігін растайды және сәйкестікті растау және біліктілік беру беру туралы сертификат береді.

**Тыңдаушылар** – Бағдарлама шеңберінде оқытын Қазақстан Республикасының ТжКБ үйімдарының жалпы техникалық және арнайы пән оқытушылары, өндірістік оқыту шеберлері.

**Суммативтік бағалау (бұдан әрі – СБ)** – оқу тақырыбының блогын оқып-үйрену біткен кезде біліммен оқу дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтауға арналған. Суматитік бағалау әртүрлі растайтын жұмыстарды (тесттілеу, бақылау жұмыстары, жобалар және т.б.) орындау нәтижесі бойынша жүргізіледі.

**Тренер** – біліктілік арттыру курсының бағдарламасы бойынша оқыту және бағалау саласында сертификатталған маман, олардың білім беру қызметін, презентацияларын және портфолио құжаттарын формативтік бағалаудың жүзеге асырады.

**ТжКБ** (техникалық және кәсіптік білім беру) – орта буынды білікті мамандарды және кадрларды даярлауға бағытталған білім беру.

**Үлгілік оқу жоспары (УОЖ)** – мамандықтарға және біліктіліктерге, техникалық және кәсіптік білім беру үйімдарында оқыту мерзімдеріне қолданылатын, оқыту пәндерінің (модульдерінің) тізімін және көлемін белгілейтін, оқу жоспарының моделі негізінде әзірленген құжат.

**Үлгілік оқу бағдарламасы (УОБ)** – үлгілік оқу жоспарының белгілі бір пәні (модулі) бойынша игерілуге тиіс білім, білік және дағдының мазмұнын және көлемін айқындастын құжат.

**Оқу-әдістемелік кешен (ОӘК)** – білім алушылардың білім беру бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша оқу қызметін ұйымдастыру үшін қажетті және жеткілікті оқыту құралдарының, бақылаулардың және оқу әдістемелік құжаттарының жүйесі.

**Формативтік бағалау (бұдан әрі – ФБ)** – сабактағы не/немесе үйдегі күнделікті жұмыс үдерісінде білім және білікті игеруінің ағымдағы деңгейін айқындау, оқыту процесінде студентпен оқытушы арасындағы қарым-қатынасты жедел жүргізу. Ол білім алушыларға жаңа материалды игеру барысында тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындал жатқандағын түсінуге және оқытудың мақсатымен тапсырмасына жеткендігін түсінуге мүмкіндік береді.

**Эксперименталдық алан** – жаңа педагогикалық технологияларды және білім берудің жаңа мазмұнын сынақтан өткізу үшін білім беру бағдарламаларын эксперимент режимінде жүзеге асыратын білім беру үйімі.

## Ұсынылатын әдебиет

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы №874 «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 желтоқсандағы №1751 «Кәсіпқор» холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2012 - 2021 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы» Қаулысы.
5. Айтпукешев А.Т., Кусаинов Г.М., Сагинов К.М. Оценивание результатов обучения: методическое пособие/Центр педагогического мастерства – Астана, 2014.
6. Асадуллин Р.М., Васильев Л.И., Иванов В.Г. Новые ориентиры развития профессионального образования: монография, Уфа: Вагант, 2008. - 132с.
7. Борибеков К.К., Далабаев Ж.К. Разработка и внедрение новых образовательных программ НАО Холдинг «Кәсіпқор»/методическое пособие. – Астана: НАО Холдинг «Кәсіпқор», 2015. - 108 с.
8. Борисова Н.В. Образовательные технологии как объект педагогического выбора. - М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2010.
9. Дагбаева Н.Ж. Компетентный значит успешный: учеб. пособие / В.А. Бабиков и др.: под ред. Н.Ж. Дагбаевой; М-во образования и науки Рос. Федерации, Бурят. гос. ун-т. - Улан-Удэ: Изд-во Бурят, гос. ун-та, 2012. - 111 с.
10. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учеб. пособие для студентов пед. вузов и системы повышения квалификации педагог. кадров / Под ред. Е. С. Полат. – 2 – е изд.; стер. – М.: Академия, 2005. – 272 с.
11. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 80 с.
12. Чернявская А.П., Гречин Б.С. Современные средства оценивания результатов обучения [Текст]: учебно-методическое пособие. – Ярославль: Изд-во ЯГПУ. – 2008. – 98с.

### **Интернет дереккөздері:**

- <http://www.kasipkor.kz/>  
<http://www.google.kz/ru>  
<http://www.edu.gov.kz/ru/>  
<http://www.twirpx.com>  
<http://www.youtube.ru>  
<http://www.moodle.org>  
<http://iot.ru>  
<http://school.iot.ru>  
<http://tixonowa.blogsport.com>